

Келісемін  
Директордың тәрбие ісі-жөніндегі  
орынбасары  Күрмет Қанағат.

Бектеміні  
Мектеп директоры  А.Б. Бекенова



«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі  
Үлгі ауылы ЖОББМ» КММ  
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
2023-2024 оқу жылына арналған  
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

#### **«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### **Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.***

##### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

##### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді

- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

## Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

### **Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

### **Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

### ***Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі***

*Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:*

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

*Ұсынылады:*

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;

- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;

- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;

- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

### ***6-10 жастағы бала тәрбиесі***

*Ұсынылады:*

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;

- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;

- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;

- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;

- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Сакқұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

### ***Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)***

*Ұсынылады:*

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;

- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;

- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;

- тарихи, деректі фильмдерді талдау;

- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;

- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;

- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

### ***Жастар тәрбиесі (15-18 жас)***

*Ұсынылады:*

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере



отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

#### **Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:**

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

#### **Кешенді жоспарды іске асыруда:**

**Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері** «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

**Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері** білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:**

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

#### **Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:**

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

**Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.**

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас\_тәрбие хештегін тегтеу

## ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, тәлімгер
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы» «Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалаығы») <b>Ұлттық мүдде:</b> салауатты өмір салтын ұстану	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

	<i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i>				
3	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсынов туған күніне арналған «Тіл тазалаығы») <b>Ұлттық мүдде:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
4	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
5	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» (реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, ҚР ІІМ қарасты жергілікті жол полициясы департаментінің өкілдері
6	«Еңбек күні» мерекесі «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері» <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

7	<p>Қамқоршылық кеңесі жұмысы</p> <p><b>Талап:</b> халқына адал қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	Қала, ауыл белсенділері	Кездесу	Отырыстың хаттамасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері
8	<p>Өзін-өзі басқару ұйымын және белсенді оқушыларын, мектеп Президентін сайлау «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы</p> <p><b>Талап:</b> технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету</p> <p><b>Ар-ұят:</b> сөзіне берік, ісіне адал болу</p> <p>қоғам игілігі үшін қызмет ету</p>	7-11 сыныптар	Сайлау	Хаттама, сайлаудың қорытындысын әлеуметтік желіде жариялау	Аға тәлімгер
9	<p>«Ұлы даланың ұлтаралық тілі» мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету ашық тәрбие сабағы (»Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</p>	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Мемлекеттік тілді оқытудың озық әдіс-тәсілдерін көрсету	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

10	«Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> <i>Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу</i>	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
----	--	--------------	--------------	-------------------------	---

11	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы) <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынап сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші
12	«Баланың бас ұстазы – ата-ана» ата-аналар жиналысы <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу	1-11 сыныптар	Ата аналар жиналысы	Хаттама	Мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог
13	«Дене сергіту» челленджі <b>Талап:</b> физикалық белсенді болу. <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	Аға тәлімгер, дене шынықтыру пәні мұғалімдері
14	«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» Қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс- шаралар <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	1-11 сыныптар	Апталық	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, әдістемелік бірлестік жетекшілері

15	«Оқуға құштар мектеп» жобасы <i>Талап: білуге, жаңаны тануға құштар болу</i> <i>Ұлттық мүдде: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту</i>	1-11 сыныптар	Мектеп	Жылдық жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы
16	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы) <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мұраға ұқыпты қарау.</i> <i>Ұлттық мүдде: ұлттық мәдениетті дәріптеу</i>	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Ашық тәрбие сағатының жоспары	Сынып жетекші, пән мұғалімдері, кітапханашы
17	Отбасы күніне арналған іс-шаралар <i>Ар-ұят: отбасының, өз ортасының абыройын асыру</i> <i>Ар-ұят: өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесіекенін сезіну</i>	1-11 сыныптар	Видеоролик	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер



18	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру	1-11 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ат-аналар жиналысының хаттамасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
19	Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (қыздар және ұлдар жиналысы) Алдын алу түсіндірме жұмыстары <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану	7-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Хаттама	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп инспекторы, медбике, сынып жетекшілер, әлеуметтік педагог, психолог
20	Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қ.А.Яссауидың туғанына 930 жыл	5-11 сыныптар	Іс-шара	Әзірлемелер. Әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, тарих пәнінің мұғалімдері
21	«Электрондық темекінің зияны» <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану	5-11 сыныптар	Дөңгелек үстел	Жоспар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, медбике, психолог
22	Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Әзірлемелер. Әлеуметтік желіге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, әдістемелік бірлестік жетекшісі, кітапханашы

23	<p>«Қарттырым-асыл қазынам» («Қарияға қол ұшын соз» жобасы) <b>Талап:</b> дұрыс қарым- қатынас орната білу <b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p>	1-11 сыныптар	Кездесу	Әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер
24	<p>Құқықбұзушылықтың алдын алу жолдары. «Зорлық зомбылықсыз өмір» <b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету</p>	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
25	<p>«Қарттарым асыл қазынам» «Қарияға қол ұшын соз» жобасы <b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу <b>Талап:</b> дұрыс қарым- қатынас орната білу</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b>					
1.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ұлттық мүдде:</b> қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы, сынып жетекші

2.	<p>«Ұлы дала перзентімін»        («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)  <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу  <b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
----	--	--------------	--------------	-------------------------	---

3.	«Жас құтқарушылар» командасын жасақтау <b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу <b>Талап:</b> салауатты өмір салтын ұстану <b>Ар-ұят:</b> сөзіне берік, ісіне адал болу	6-7 сыныптар	Оқушылар мен кездесу	Деректер базасы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер
4.	«Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
5.	Дублер күні <b>Ар-ұят:</b> адал еңбекті құрметтеу <b>Талап:</b> дұрыс қарым-қатынас орната білу <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	2-11 сыныптар	Мерекелік іс шара	Іс шара жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер
6.	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы») <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші
7.	«Қоғамдық игілікке қызмет ету» (Еріктілер ұйымы туралы ақпарат беру) «Еңбегі адал жас өрен» жобасы <b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу <b>Ар-ұят:</b> халқына адал қызмет ету <b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер, сынып жетекшілер

8	<p>Республика күні көк тудың желбірегені» (25-қазан Республика күні) «Ұрпаққа аманат» жобасы</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.</p> <p><b>Ар-ұят:</b> әдеп нормаларын ұстану</p>	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Іс- шара жоспары, әлеуметтік желілерге жариялау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, аға тәлімгер
9.	<p>Жайдарман ойыны</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу</p>	1-10 сыныптар	Команда жасақтау	Команда құрамы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер
10.	<p>«Мемлекеттік рәміздерді қадірлеймін»</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> қоғам игілігі үшін қызмет ету</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу</p>	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
11	<p>«Спандияр Көбеев шығармашылығы» (Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің</p>	5 -9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер

<p>туғанына 145 жыл)</p> <p>«Мен жастарға сенемін» (Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл)</p> <p>«Шәкәрім – ұлы тұлға» (Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл)</p> <p>«С.Торайғыров – реалист ақын» (Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл)</p>	<p>6-сыныптар</p> <p>7-сыныптар</p> <p>8-сыныптар</p>	<p>Сынып сағаты</p> <p>Сынып сағаты</p> <p>Сынып сағаты</p>	<p>Сынып сағаты</p>	
--	---	---	---------------------	--

	<p>«Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл»</p> <p><i>(Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл)</i></p> <p><b>Талап:</b> Білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Ұлттық мүдде:</b> ұлттық мәдениетті дәріптеу</p>	9-сыныптар	Сынып сағаты		
12	<p>«Әкем айтқан нақыл сөз»</p> <p><b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p> <p><b>Ар-ұят:</b> өзін отбасының, сыныптың, мектептің, Отанның бір мүшесі екенін сезіну</p>	5-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс шара	Сыныптан тыс іс шара жоспары/сценаріі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер
13	<p>Аталар, әжелер, әкелер, аналар мектебі</p> <p><b>Ар-ұят:</b> отбасының, өз ортасының абыройын асыру</p>	1-11 сыныптар	Клуб құру	Жоспары	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Сынып жетекші, аға тәлімгер
14	<p>Пікір-сайыс клубы (үш тілдік)</p> <p>Дебат клубы</p> <p><b>Талап:</b> білуге, жаңаны тануға құштар болу</p> <p><b>Талап:</b> жеке және командамен жұмыс істей білу</p> <p><b>Ар-ұят:</b> Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу</p>	8-10 сыныптар	Команда жасақтау	Жоспар, әлеуметтік желіге жариялау	Тарих пәні мұғалімдері



